

Атырау қаласының коммуналдық меншігіндегі мүліктерін жекешелендіру туралы

Атырау облысы Атырау қалалық әкімдігінің 2015 жылғы 27 қарашадағы № 2115 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 11 желтоқсанда № 3391 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабының 1-тармағы 2) тармақшасына және 37-бабына, "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңының 18-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы "Жекешелендіру объектілерін сату қағидасын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, қалалық әкімдік **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Атырау қалалық коммуналдық меншігіндегі мүліктер осы қаулының қосымшасына сәйкес жекешелендірілсін.

Атырау қалалық әкімдігінің келесідей:

1) 2014 жылғы 28 тамыздағы № 979 "Атырау қаласының коммуналдық меншігіндегі мүліктерін жекешелендіру туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2998 болып тіркеліп, 2014 жылғы 1 қазанда облыстық "Атырау" газетінде жарияланған);

2) 2015 жылғы 23 сәуірдегі № 594 "Атырау қалалық әкімдігінің 2014 жылғы 28 тамыздағы № 979 "Атырау қаласының коммуналдық меншігіндегі мүліктерін жекешелендіру туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3196 болып тіркеліп, 2015 жылғы 7 мамырда облыстық "Атырау" газетінде жарияланған) қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары А. Айтбаевқа жүктелсін.

Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі

Қала әкімінің міндетін атқарушы

Ә. Зайдуллин

Атырау қалалық әкімдігінің 2015 жылдың "27 " қарашадағы № 2115 қаулысына қосымша

Жекешелендіруге жататын қалалық коммуналдық меншіктегі мүліктердің тізбесі

	Мемлекеттік	Шығарылған
--	-------------	------------

№	Мүлік атауы	нөмірі	жылы	Теңгерім ұстаушысы
1	Faw Ca6602 автокөлігі	E466BN	2007	"Қалалық білім бөлімі" мемлекеттік мекемесіне қарасты "Жалпы білім беретін Бесікті орта мектеп- интернаты" мемлекеттік коммуналдық мекемесі
2	УАЗ 22069- 0 4 автокөлігі	E064BF	2006	"Құрманғазы атындағы мәдениет сарайы" мемлекеттік коммуналды-қазыналық кәсіпорыны
3	Toyota Samru автокөлігі	266AK06	2007	"Атырау қаласы Тұрғын үй инспекциясы бөлімі" мемлекеттік мекемесі
4	Toyota Samru автокөлігі	E176PK	2006	"Атырау қаласы әкімі аппаратының шаруашылық басқармасы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
5	Toyota Land Cruiser 100vx автокөлігі	506AL06	2006	
6	Toyota Samru автокөлігі	167AH06	2007	"Атырау қалалық қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі
7	ГАЗ 31105- 1 2 0 автокөлігі	E165PK	2007	"Қалалық ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесі
8	Skoda Octavia A4 автокөлігі	E101PK	2006	"Қалалық тұрғын үй- коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автокөлік жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі
9	Ваз 212300 Шевроле Н и в а автокөлігі	858AH06	2007	"Атырау қаласының әкімиятының "Қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автокөлік жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Атырау Су Арнасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны
10	Ваз 21213 автокөлігі	996AH06	2004	
11	Ваз 21213 автокөлігі	991AH06	2004	
12	Ваз 2123 автокөлігі	919AH06	2008	
13	Skoda Octavia A4 автокөлігі	880AH06	2007	
14	Lada 21214 автокөлігі	E190PK	2013	"Атырау ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі
15	Ваз 21213 Н и в а автокөлігі	E086BM	2002	"Атырау қаласының жас натуралистер стансасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын